

№ 9 сәбилер бақшасы КМҚК
жоспардан тыс № 4 педагогикалық кеңес

2022 ж. 28.02.
қатысқандар: 17
қатыспағандар: 0

Тақырыбы: Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасы КМҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару.

Мақсаты: Білім беру қызметтері сапасының тиімді қызметіне толық өзін-өзі бағалау және әділ талдау беру.

1. Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасы КМҚК-ның 2017-2022 оқу жылдары аралығындағы өзін-өзі бағалау қорытындысы.
2. Комиссия мүшелерінің білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есебі.
3. Қорытындылау.

Бірінші мәселе бойынша басшы А.К. Кәрімжанова мәлімдеме жасап, балабақша ұжымын 2017-2022 оқу жылдар аралығындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есебімен таныстырды.

Өзін өзі бағалау құжаттары балабақша сайтында орналастырылады.

Шешім:

2017-2022 оқу жылдардағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша, барлық бағыттағы құжаттар балабақша сайтында орналастырылады.

Екінші мәлімдеме бойынша балабақша әдіскері А.З. Худжанова мәлімдеме жасады.

Кадрлық құрам туралы, балабақша ұжымы штаттық кестеге сай педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Ағымдағы жылда педагогтардың жоғары педагогикалық білімі 11, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие 3. Орта арнайы білім 6 оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие 3. Жоғары білімі бар педагогтардың арнайы бірінші білімі мектепке дейінгі тәрбие білімдері бар. Педагогтар аттестацияны кесте бойынша өтіп отырады, 2020ж. екі педагог; педагог-эксперт, педагог-зерттеуші; жоғары санатты педагогтар – 2 , бірінші санаттағы педагогтар - 3, екінші санаттағы – 3.

Педагогтардың білімін жетілдіру кесте бойынша өткізіледі. Жоспар бойынша 14 педагог білімдерін жетілдірді. Сәбилер бақшасы 140 балаға арналған, 6 топ жұмыс істейді. Балабақша ұстаздары оқу жылына қойылған міндеттерді орындауға әр түрлі әдістер арқылы жетістіктерге жетіп отырды:

педагогикалық кеңестер, педсағаттар, семинарлар, мастер-класс, кеңес беру. Балабақшада облыстық, қалалық семинар, мастер-класс өткізілді.

Жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау үшін «Жас педагогикалық мектебі» жұмыс істейді.

Әр жас маманға тәлімгер бекітілген. Сәбилер бақшасы өз қызметін МДҰ-ның нормативтік базасын регламенттейтін құқықтық нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Осы құжаттардың негізінде МЖБС міндеттерін іске асыруға бағытталған перспективтік жоспар балалардың жете білушілік қабілеттерін қалыптастырады. Өткізілген мониторингті зерттеулер барлық топтардың орташа және жоғары деңгейде екенін анық анықтады.

Балабақша тәрбиеленушілері шығармашылық, интеллектуалдық сайыстардың жеңімпаздары.

Заттық – дамыту орталығын ұйымдастыруда келесі талаптар сақталады: гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, гендерлік, эстетикалық, сонымен қатар заттық дамыту мінездемесіне сай қауіпсіздік жағдай тудырып, мүмкіншілік бере отырып, әр балаға қызығушылық қажеттілік, қоршаған ортамен үйлесімді дамуын қамтамасыз етеміз.

Медбике И.А. Каримова - Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін, балабақшада көптеген жұмыстар атқарылады: әр топта балалардың денсаулығын мұқият бақылай отыра ауырған балаларды есепке алып, қортындылары педагогикалық кеңесте және жиналыстарда тыңдалады. Балабақшада балалардың 12 сағат болуына сәйкес, 4 мезгіл тамақтану ұйымдастырылған. Асханада барлық қажетті жабдықтар бар. Күнделікті ас мәзірі бекітілген технологиялық картамен дайындалады.

Үшінші мәселені балабақша басшысы А.К. Кәрімжанова сөйледі: қорытынды жасап, шешім қабылдауға ұсыныс жасады.

Шешім:

1. Балабақшада балаларға оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасалынған МДТОМЖС барлық салалары бойынша бағдарламалық материалдық нормалары орындалады.
2. Бағдарлама материалдары мониторинг қортындысы бойынша 86% меңгерілген.
3. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы, Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмыстарының талаптарына сәйкес келеді.
4. Балабақша жұмысын өзін-өзі бағалауда Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына, мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмыстарының талаптарына сәйкес.
5. 2017-2022 оқу жылдарғы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша, барлық бағыттағы құжаттар балабақша сайтында орналастырылды.

Төрайым

КМҚК № 9 сәбилер бақшасының басшысы

Хатшы:



А.К. Кәрімжанова

Г.К. Байгаданова